

Ынтымақтастық меморандумы

Алматы қаласы

« 04 » ноябрь 2017ж.

1. Жалпы бөлім

Осы Ынтымақтастық Меморандум «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК мен «Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі» РМҚК арасында ақпарат алмасу, үйлестіру және ынтымақтастық органдарының тиімді жүйесін құру, оқу саясатын дамытуды жүзеге асыру, өзара қызметтік келісім және қолдау мақсатында жасалды.

2. Тараптардың келісім аймағы

Осы келісім студенттердің терең білім алуына, орындаушылық қабілеттілігін шыңдау мақсатында жасалды. Осыны негізге ала отырып, келісуші жақтар өздеріне келесі міндеттерді алады:

1. «А.В.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК осы мекеменің студенттеріне орындаушылық шеберлігін шыңдау мақсатында іс-шараларға қатысуға, өнер майталмандарымен кездесу өткізуге сонымен қатар студенттердің өзара тәжірибе алмасуға барлық мүмкіндіктерді жасайды;
2. Оқу орнына білім беру қызметін насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізу;
3. Студенттердің қабілеттілігінің дамуына бағытталған инновациялық бірлескен жобаларды әзірлеу және іске асыру;
4. Оқу орнының профиліне байланысты семинарлар, конференциялар және кез келген ұйымдастырған басқа да іс-шараларға қатысу арқылы жинақталған тәжірибе мен білім алмасу;
5. Ақпараттық және көпшілік шараларды (оқу орнының сұранысы бойынша немесе жұмысының жылдық жоспарына сәйкес) қабырғасында, сол сияқты сырт жерде бірлесіп өткізу;
6. Тараптардың келісілген шарттары бойынша басқа да қызмет түрлерін іске асыру.

3. Тараптардың өзара әрекеттестігі

Осы Меморандумның аясында Тараптар өзара Қазақстан Республикасының заңнамасына, Бала құқықтары Конвенциясын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және теңдік, ашықтық және тұтастық принциптерін жүзеге асыруға әрекет етеді.

Тараптар өзара осы Меморандум аясындағы келісім шартын іске асыру және даму мәселелері бойынша уәкілетті өкілдері арқылы бірлесіп шешуі тиіс. Барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімі осы Меморандум шеңберінде жасалуы тиіс.

4. Қорытынды бөлім

Тараптар өзара бірлескен кәсіпорын ретінде осы Меморандум шеңберінде құқықтық және қаржылық міндеттемелеріне әкеп соқпайтын қызмет етуі тиіс.

Тараптар сондай-ақ, осы Меморандумның шеңберінде екі жақтың құқықтары мен құзыреттілігіне нұқсан келетін әрекет жасамауы тиіс. Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, сондай-ақ егер екі жақтың бірі оның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдаса 30 күн бұрын хабарлауы тиіс.

Меморандумның мәтіні қазақ тілінде 2 данадан 2017-2018 оқу жылына арналып жасалды.

Қол қойылған күн «__» _____ 2017ж.

Алматы қаласы
Бөгенбай батыр көш. 105
Тел.: 291-83-03

Алматы қаласы
Масанчи көшесі, 67
Тел.: 8(727) 379-9223

«Ж.Елебеков атындағы Республикалық
эстрада-цирк колледжі» РМҚК директоры


Д.З.Уашев



«А.В.Селезнев атындағы Алматы
хореографиялық училищесі» РМҚК
директоры


А.Ж.Калиева

